

7. Хронос. Всемирная история в интернете [сайт]. – URL: <http://hrono.ru/dokum/1800dok/18640714.php> (дата обращения: 18.03.2021). – Текст: электронный.

ӘОЖ 93/94

## ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ САЛАСЫНДАҒЫ ГЕНДЕР МӘСЕЛЕСІ: САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАМА

**Рахман Жанерке Берікқызы**

zhanerkerakhman@gmail.com

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Тарих факультетінің 2-курс магистранты,

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі - М.А. Алпысбес

Тарих ғылымында «әйелдер тарихы» не «гендер» түсініктерінің пайда болғанына көп болған жоқ. XX ғасырдың ортасына дейін тарих ғылымы негізінен акцентті ер адамдар мен олардың жасаған еңбектеріне, тарих пен ғылымның, технология мен медицина және басқа да салаларға қосқан үлесіне қойған еді. Сондай-ақ, күні кешеге дейін әйелдердің STEM-ге (Science, Technology, Engineering, Medicine) қосқан үлесі және осы саладағы ірі әйел тұлғалардың болмысы еленбей, көлеңкеде қалып жатты. Баршамызға белгілі болғандай, ғылым мен білім, мәдениет пен әдебиет саласында маңдайалды жетістіктерге жеткен әйелдердің тұлғасы алдыңғы шепке шығуы үшін я бүркеме есім керек болды, я жанында міндетті түрде ер адамның есімі қатар шығуы қажет еді.

Батыста әйелдердің тарихтағы ролін зерттеу нысаны ретінде алу өткен ғасырдың 60-жылдарының аяғы мен 70-жылдарының басында басталды. Алғашқыда проблематика мен методология негізінен «әйелдер тарихына» қатысты болса, 1980-жылдардан бастап фокус нүктесі жалпы гендерлік проблемаларға ығыса бастады. Жоғарыда айтқанымыздай, 1960-80 жылдар аралығында әйелдер тарихының басты мақсаты және бағыты әйелдердің тарихта ролін қайта қалпына келтіру болды. Сонымен қатар, ғылымдағы бұл кезең әйелдер образын оның еркекке деген қатынасын айқындайтын образдан өзгертуге және әйелге қатысты таптаурындарды бұзумен ерекшеленеді. Әйелдер тарихында алғашқылар, атап айтқанда, 1970-жылдарға дейінгі зерттеушілер әйелдер тарихын қоғам тарихымен байланыстыруға тырысып, жыныстар ерекшелігін әлеуметтік-класстық талдама призмасынан өтіп, зерттеу алаңын тарылтты. Алайда, 1980-жылдардағы мәдениет пен ғылымдағы өзгерістер феминисттік теорияларды жаңартып, әйелдер тарихы өз зерттеу алаңын жалпы гендерлік мәселелерге де назар аудару арқылы кеңейте бастайды [1].

АҚШ пен Еуропадағы феминизмнің өркендеуі білім мен ғылым сферасына айтарлықтай өзгерістер әкеледі де, «әйел» зерттеу объектісіне айналады: ғылым мен білімде, мәдениет саласында, заң саласында және басқа да салаларда [2]. Мысалы, психологияда Карл Роджерс пен Абрахам Маслоу теорияларының дамуы адамның бойында жыныстық ерекшеліктерге қарағанда, тұлғалық қасиеттердің, интеллект пен қабілеттерінің маңызды екенін көрсетті [3]. Тиісінше, осы толқындағы адамдардың да жалпы адам болмысына деген көзқарасының өзгеруі ғылымдағы ірі өзгерістерге әкелді. Мәселен, тарих ғылымында бұрын «тарихи» деп саналмайтын зерттеу объектілері пайда болып, әлеуметтанумен, тіл білімімен, әлеуметтік антропология секілді ғылым салаларымен пәнаралық байланыстар пайда бола бастады. Яғни, тарих бәрін жалпы алатын макротарихтан микротарихқа ауыса бастады. Ғылымдағы осындай ірі өзгерістерге алғышарт болған авторлар мен еңбектер қатарына келесілерді жатқыза аламыз: Хейден Уайттың «Метатарихы», Клиффорд Гирцтың «Мәдениет интерпретациясы», Мишель Фуконың «Тәртіп пен жазасы» [4].


Ғасырлар бойына адамзат әйел адам мен ер адамның болмысына бөлініп, біріне бірі қарама-қарсы ерекшеліктер арқылы сипатталды. Бұл бөліністі діни, әдеби және ғылыми

ойлардан айқын көруге болады [2]. Келлердің пікірінше, қоғамда «әйел» образы әлсіз, эмоция жетегінде кететін, ақылы жағынан ер адамнан кейінгі орында тұрса, «еркек» образы ақылы жағынан артық, мықты, рационалды болып сипатталады [5]. Өкінішке орай, бұл секілді біржақты, кертартпа ойлар қазіргі қоғамда да орын алады. Мысалы, кей таптаурындарға негізделген төмен пікірлер ғылым мен білім саласында мемлекет тарапынан орнатылған гендерлік теңдікті терістейді де, жасырын дискриминацияға жол салады. Яғни, белгілі бір салада әйелдер және басқа да гендерлер репрезентативтілігі сақталғанменен, жоғарыда келтірілген мысал секілді таптаурын ойлардың әйелдер мен басқа да минор топтардың мансап жасауында біршама кедергілер келтіру ықтималдығы жоғары. Келлердің айтуынша әйелдерде жетістіктің, көшбасшылықтың аз болуы, әсіресе ғылым, технология, инженерия, және медицина салаларындағы төмен көрсеткіштер, ертеректе әйелдер мен ер адамдардың мінезі мен қабілеттерінің арасындағы «ерекшеліктер» салдары ретінде түсіндірілген. Десе дағы, қазіргі кезде Қазақстанда әйелдердің ғылым мен білімдегі репрезентативтілігі және көшбасшылығы кереғар өсім тенденциясын көрсетеді [5].

XX ғасырдағы білім мен ғылым саласындағы әйелдерге деген қатынастың және олардың гендерлік ерекшеліктерге қарамастан бірдей мүмкіндіктерге ие болуына ең жақсы мысал ретінде біз Кеңес Одағының практикасын ала аламыз. Оның ішінде Орта Азия елдерінде болған эмансипация басқа шығыс елдеріне қарағанда ілгерінде болды. Мәселен, тек 1978 жылдың өзінде Қазақстанда 200-ден астам ғылыми орталықта отыз мыңнан астам ғылыми қызметкер болса, соңғы он жылда бұл көрсеткіштің екі есе өсіп, олардың арасында әйелдердің үлесі 52 пайызды құраған. Ғылым докторлары мен кандидаттар арасында әйелдер үлесі өсіп, ер адамдарға қарағанда жоғары болғанына қарамастан, ер адамдар ғылым саласында, әсіресе ғылым мен білім жұмысын ұйымдастыруда ер адамдар үстемдігі едәуір жоғары [7].

1990-жылдардан болған саяси-экономикалық кризис ғылымға да өз әсерін тигізді. Дағдарыс салдарынан Қазақстан да ғана емес, барлық посткеңестік елдерде ғылым мен білім саласының феминизациялану тенденциясы көрінді. Алайда, 2000-жылдары бұл арақатынас теңестірілді. 2013-жылға дейін зерттеуші-ғалымдар арасында ерлер мен әйелдердің үлесі салыстырмалы түрде тең болса, одан кейінгі жылдарда бұл арақатынас бірінен бірі барынша алшақтай түскен.

Төменде Ұлттық статистика бюросының мәліметтері келтірілген суретте зерттеуші-мамандардың әйелдер-ерлер санына қарайғы арақатынасын көре аламыз.



Сурет 1. Зерттеуші мамандардың әйелдер-ерлер санына қарайғы арақатынасы [5]

Кесте-1. Қазақстандағы ЖОО басшыларының гендерлік көрсеткіші

**ЖОО ӘЙЕЛ-БАСШЫЛАР (РЕКТОРЛАР)  
ҮЛЕСІ**

ЖЫЛД АР	Жоғары білім беру жүйесі			
	Барлығы (ректорлар, про- ректорлар, декандар, декан орынбасарлары, кафедра менгерушілері)		ЖОО басшылары (ректорлар)	
	әйелдер	Еркектер	әйелдер	еркект ер
2006	1 266	1 691	6	61
2007	1 315	1 711	5	66
2008	1 370	1 717	6	67
2009	1 402	1 679	8	66
2010	1 451	1 647	7	65
2011	1 489	1 673	8	65
2012	1 529	1 636	13	65
2013	1 553	1 566	12	65
2014	1 559	1 544	11	67
2015	1 551	1 527	16	95
2016	1 563	1 531	22	94
2017	1 531	1 563	14	100
2018	1 569	1 588	25	91
2019	1 580	1 600	28	88

Жоғарыда берілген зерттеуші мамандардың әйелдер-ерлер санына қарайғы арақатынасын көрсететін сурет пен ЖОО әйел-ректорларын көрсететін кестеге қарап, ғылыммен айналасатын әйелдер үлесі артқанымен, сол ғылым саласын ұйымдастыратын ортада әлі де болса, әйелдер репрезентативлігінің төмен пайыздық көрсеткішке ие екенін көруге болады [6]. Мысалы, зерттеуші мамандар арасындағы гендерлік теңдіктің ең жақсы көрсеткіші болған 2006 жылды алып қарар болсақ, зерттеушілер арасында теңдікке және ғылым және білім саласындағы әйел басшылардың жалпы басшылардың 42 %-ын құрағанына қарамастан, әйел-ректорлардың пайыздық көрсеткіші тек қана 12 %-ды құраған. Дәл сол секілді, соңғы 2015-2020 жылдар аралығындағы бесжылдықта ғылым мен білім саласындағы зерттеуші мамандар арасында әйелдер үлесі тұрақты өсіп, еркектер үлесі төмендегеніне қарамастан, әйел-ректорлар үлесі ешқашан 25%-дан аспаған.

Жоғарыда берілген сурет 1-ден көретіндігіміздей 2013 жылдан бастап ғылымның сандық феминизациясы әр жыл сайын өсіп жатыр. Жалпы алғанда, осы уақытқа дейін ғылымның феминизациялануының үш толқыны болған:

- Бірінші толқын 1920-жылдарда жүзеге асқан заңнамалық актілердің нәтижесінде орын алып, білім алуғағы әйелдер мен еркектердің тең мүмкіндіктерге ие болуымен сипатталады [8].

- Екінші толқын 1960-жылдары ғылымның экстенсивті дамуымен байланысты болды. Негізінен бұл толқын КСРО-да ғылыми орталықтардың көптеп ашылып, олардың қызметкерлерге деген сұранысының арқасында туындаған [9].

- Үшінші толқын 1990-жылдары болған ғылымдағы дағдарыспен байланысты. Бұл кезеңде посткеңестік елдерде ішкі және сыртқы ми ағымы үдей түседі. Егер ер адамдар, өз қызметтерін жалақысы жоғары басқа салаларға ауыстырса, әйел адамдар ғылым мен білім саласынан ауысуға асықпаған. Феминизацияны тежеуші факторлардың болмауы, ғылымдағы гендерлік асимметрияны ұлғайтады [9].

Қазіргі күндегі STEM-дегі гендер проблемасы әйелдердің мүмкіндігі мен құқығының заң тарапынан шектелуінде емес, керісінше қоғамдағы стереотиптерге және білім деңгейінің барлық әлеуметтік топтарда біркелкі болмауына байланысты. Әлбетте, бұл секілді проблемалар тек қана ғылым мен білімде емес, сонымен қатар басқа да салаларда гендерлік асимметрияның өсуіне әкеп соғары хақ. Ғылым мен білім саласының жалпы феминизациясына карамастан, әйелдердің академиялық статуска ие болуы тым сирек.

Әйелдердің мен басқа да гендерлік топтардың ғылым мен білім саласындағы гендерлік асимметриясы қоғам санасында үстем боп табылатын патриархатты ұстанымдар мен жасырын дискриминацияның әлі де болса бар екендігін растайды. Кез-келген салада, әсіресе білім және ғылым саласында гендерлік асимметрияның болуы – сол салада ғана емес, жалпы мемлекет деңгейінде даму тұрақсыздығын туындатады.

Қорыта айтар болсақ, ғылым және білім саласы және ондағы гендерлік симметрия қоғамда болып жатқан саяси-экономикалық, әлеуметтік-мәдени жағдайға тікелей байланысты. Сонымен қатар, көшбасшылықта, басшылықтағы әйелдерге деген көзқарас және қатынас қоғамның барлық топтарындағы білім деңгейі мен қоғамдық сана деңгейі тәуелдігін жасыра алмаймыз.

### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Репина Л. П. Пол, власть и концепция "раздельных сфер": от истории женщин к гендерной истории //Общественные науки и современность. – 2000. – №. 4. – С. 123-137.
2. Scott, H. 1974. Does Socialism Liberate Women? Boston: Beacon Press.
3. Hubbard, R., Henifin, M. S., Fried, B. (eds.) 1982. Biological Women, the Convenient Myth. Cambridge, Mass.: Schenkman.
4. Gender in Science, Technology, Engineering, and Mathematics: Issues, Causes, Solutions, Tessa E.S. Charlesworth, Mahzarin R. Banaji. Journal of Neuroscience 11 September 2019, 39 (37) 7228-7243; DOI: 10.1523/JNEUROSCI.0475-18.2019
5. Keller EF (1985) Reflections on gender and science. New Haven, CT: Yale UP.
6. Әйелдер/ерлер санының зерттеуші-мамандар бойынша ара қатынасы. URL: <https://gender.stat.gov.kz/kk/category/8>
7. Кодар З. М. Женское участие в науке в Центральной Азии. – 2018.
8. Тайцлин И.С. Научные кадры РСФР // Научное слово. 1929. № 10. С. 11-20
9. Мирская Е. З., Мартынова Е.А. Женщины в науке // Вестник Российской академии наук. 1993.Т. 63. № 8. С. 693-700.

ӘОЖ 93/94

## ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНЫҢ ОТЫРЫҚШЫЛАНДЫРУ МӘСЕЛЕСІНЕ ҰЛТ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ КӨЗҚАРАСЫ

Сағадатов Туран Турланович

[turan.sagadatov@mail.ru](mailto:turan.sagadatov@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,

Тарих факультетінің магистранты

Ғылыми жетекшісі – т.ғ.к., доцент Қ.О. Сейтказина

XX ғасырдың басында қазақ қоғамын дүр сілкіндірген оқиғалардың бірі – Патша үкіметінің қазақ халқын отырықшыландыру туралы ереженің қабылдануы болды. Бұл мәселеге қатысты ұлт зияларының пікірлері де екі жақты болғаны анық. Ұлт зияларының көкейіндегі ойлары сол кезеңдегі белгілі газет-журнал беттерінде жарық көрді. Негізгі пікірталас алаңы – әрбір қазақ халқының санасын оятуға еңбек етіп жүрген Алаш партиясының негізгі баспасөз органының бас редакторы Ахмет Байтұрсынов болатын. 1913-1918 жылдары Орынбор қаласында жұмыс жасаған – «Қазақ газеті» болса, екіншісі, бас